

**Даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және
ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі кейбір шаралар туралы
Қазақстан Республикасы Президентінің
Жарлығы**

Осы Жарлықты жүзеге асыру шаралары туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 мамырдағы № 516 Қаулысын қараңыз.

Даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» Акционерлік қоғамын (бұдан әрі – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ) құрсын;

2) «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның негізгі қызметі өзіне меншік құқығымен тиесілі және ұлттық даму институттарының, ұлттық компаниялар мен басқа да заңды тұлғалардың сенімгерлікпен басқаруға берілген акциялар пакеттерін (қатысу үлестерін) басқару болып табылатын ұлттық басқарушы холдинг деп айқындасын.

3) мыналарды:

акцияларының мемлекеттік пакеттері (қатысу үлестері) «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның орналастырылатын акцияларын төлеуге берілетін, оның ішінде осы Жарлықтың 1-Қосымшасына сәйкес акционерлік қоғамдарды қамтитын, акционерлік қоғамдар тізбесін бекітуді;

«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының меншігіне осы Жарлықтың 2-қосымшасында көрсетілген республикалық мүлікті айырбастау шарты бойынша өткізіп беруді;

2014 жылғы 1 қаңтарға дейін экономиканы дамытуға және әртараптандыруға жәрдемдесу, инвестициялар тарту, кластерлерді дамыту мақсатында «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қызметінің заңнамалық негізін әзірлеуді қамтамасыз етсін;

4) осы Жарлықты іске асыру үшін қажетті өзге де шараларды қабылдасын.

2. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

3. Осы Жарлық оған қол қойған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Президенті**

Н. Назарбаев

Астана, Ақорда,
2013 жылғы 22 мамыр
№ 571

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2013 жылғы 22 мамырдағы
№ 571 Жарлығына
1-ҚОСЫМША

**Акцияларының мемлекеттік пакеттері «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік
қоғамының орналастырылатын акцияларын төлеуге берілетін акционерлік қоғамдар
ТІЗБЕСІ**

№ р/н	Атауы	Мемлекеттік акциялар пакеті
1	2	3
1.	«Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» акционерлік қоғамы	100 %

2.	«Қазақстанның тұрғын-үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамы	100 %
3.	«Қазақстанның ипотекалық компаниясы» Ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы	91,3554 %
4.	«Қазақстанның ипотекалық кредиттерге кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамы	100 %
5.	«Стрестік активтер қоры» акционерлік қоғамы	100 %
6.	«Қазақстанның даму банкі» акционерлік қоғамы	100 %
7.	«Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамы	100 %
8.	«КазЭкспортГарант» Экспорттық-кредиттік сақтандыру корпорациясы	100 %
9.	«Қазақстанның инвестициялық қоры» акционерлік қоғамы	100 %
10.	«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамы	100 %

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2013 жылғы 22 мамырдағы
№ 571 Жарлығына
2-ҚОСЫМША

**«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры»
акционерлік қоғамының меншігіне берілетін республикалық мүлік**

№ р/н	Мүліктің атауы
1.	1997 жылғы 14 маусымдағы Ішкі және халықаралық газ тасымалдау жүйелерінің және шаруашылық қызметінің концессиясы шартын бұзу нәтижесінде алынған газ тасымалдау жүйесінің активтері
2.	Ұштаған, Шөлтөбе, Бейнеу кенттерінде «Кавказ-15» АГТС-на тартылған жоғары қысымды газ құбырлары және Сай-Өтес және Тәжен кенттерінде «Кавказ-15» АГТС-на тартылған жоғары қысымды газ құбырлары
3.	Ресей Федерациясының Алтай өлкесінің және Орынбор облысының аумағында орналасқан, Қазақстан Республикасының меншігі болып табылатын темір жол көлігінің объектілері және өзге де мүлік
4.	Қазақстан Республикасының аумағында: 1) мемлекеттік шекара - Никельтау бекеті (Орск – Никельтау желісі) учаскесінде; 2) мемлекеттік шекара – Тобыл бекеті (Тобыл – Қарталы желісі) учаскесінде; 3) мемлекеттік шекара - Пресногорьков бекеті (Новоишимск- Утяк желісі) учаскесінде; 4) Петропавловск бекеті (тек қана) - № 7 Блокпост (Петропавловск – Кокшетау желісі) учаскесінде орналасқан темір жол көлігінің объектілері және өзге де мүлік:
5.	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Қ.Қайсенов к-сі, 121 мекен-жайы бойынша орналасқан, жалпы аумағы 71,20 шаршы метр гараж
6.	Ұзындығы 17 771 м магистралды газ құбыры (Электр тасымалдаушы әуе желілері-10 кВ - 14 676 м) және Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Аққайтым кентіндегі АГТС операторларына арналған екі пәтерлі тұрғын үй (АГТС - 1 дана)
7.	Батыс Қазақстан облысындағы «Қарашығанақ-Орал» магистралды жоғары қысымды газ құбыры